

**6D011800 – «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Кошербаев Ринад Нұралыұлының диссертация жұмысына**

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамыту (XX ғасырда Қазақстандағы орыс тілді әдебиеттер негізінде)»

Зерттеудің мақсаты – болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытуды ғылыми-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, педагогикалық және әдістемелік жүйесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру.

Зерттеу міндеттері:

- «кросс-мәдени», «кросс-мәдени құзыреттілік» ұғымдарының ғылымаралық және пәнаралық аспектілерін және университеттік білім беруде болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамыту шарттарын сипаттау;

– «кросс-мәдени құзыреттілік» ұғымы әлемнің тұтастығы мен өзара тәуелділігі туралы іргелі философиялық идеяға негізделгенін дәлелдеу;

- Қазақстандағы XX ғасырдағы орыс тілді ақын-жазушылардың әдеби мұраларын келесі принциптерді ескере отырып зерттеу: көпмәдениетті тіл, этнос, ойлау түрі, жанрлық жан-жақтылық;

– XX ғасырдағы орыс тілді және қазақ тілді әдебиетте кросс-мәдени мазмұндағы артефактілер мен архетиптердің басым екенін негіздеу;

– болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру және осы бағытта орыс әдебиеті бойынша білім беру бағдарламасының мазмұнын талдау;

зерттелетін мәселенің нақты жағдайын диагностикалау және XX ғасырдағы Қазақстанның ақын-жазушылары шығармашылығын зерттеу негізінде болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамыту бойынша практикалық іс-шаралар жүйесін әзірлеу;

- қазіргі заманауи ғылыми тәсілдер синтезіне сүйене отырып, оның тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу және зерттеу перспективалары бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды ұсыну.

Зерттеу әдістері: модельдеу (болашақ педагог-филологтың үлгісін жасау кезінде); интроспекция-өзін-өзі бақылау (бейнелерді, белгілерді, кросс-мәдени артефактілерді және әдеби өмірбаянның ерекшелігін зерттеу); кросс-мәдениетпен байланысты негізгі ұғымдарды этимологиялық талдау (тұжырымдамалық ережелердің өзегін түсінуге ықпал ететін ең маңызды ұғымдармен); контрастивті (көркем мәтінді кросс-мәдени өлшемде талдау кезінде); тарихи-типологиялық (Қазақстанның XX ғасырдағы орыс тілді жазушылары мен ақындарының шығармаларындағы тұрақты архетиптерді анықтау кезінде); Эксперименттік (сұрау, сауалнама, бақылау, сараптамалық бағалау және зерттеу нәтижелерін жалпылау кезінде); сондай-ақ ғылыми зерттеулерде дәлелдеген талдау, синтез және бақылау әдістері.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар):

1. «Кросс-мәдени құзыреттілік» ұғымының құрылымын жасау, оның жүйелік элементтерін иерархиялық дәйектілікпен сипаттау және болашақ маманның Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында оның бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде кросс-мәдени құзыреттілігіне берген авторлық анықтамасы әлемнің тұтастығы мен оның өзара тәуелділігі туралы іргелі ережелер мен философиялық тұжырымдамаларға негізделген: «Болашақ педагог-филологтың кросс-мәдени құзыреттілігі – бұл студенттің интеллектуалды дайындығының жоғары деңгейін және кәсіби-педагогикалық, коммуникативтік, моральдық-этикалық білімдерінің, дағдыларының симбиозы негізінде жаһандық сын-қатерлерге бейімделу қабілетін сипаттайтын интегративті сапасы».

2. Кросс-мәдениеттің негіздемесін жасауда когнитивті әдебиеттанудың құрылымдық талдауы мен әдістері ХХ ғасырдағы орыс тілді ақындар мен жазушылардың поэтикалық жүйесі мен әдеби қызметінің элементі ретінде қарастырылады. Осы бағыттағы зерттеу нәтижелерінде аталмыш кезеңнің ақындар мен жазушыларының шығармашылығы кросс-мәдени мотивтерді шоғырландыратыны және оларды принциптер бойынша келесідей жіктеуге болады:

- көркемдік қызметтің көпмәдениетті тілі;
- ақындар мен жазушылардың этникалық тегі;
- жаһандану және кросс-мәдени ойлау түрі;
- мәдениеттер қиылысындағы қызмет: Еуразиялық поэтика және проза.
- жанрлық әртүрлілік пен өнердің интеграциясы: Поэзия, Проза, Публицистика және кинематография және айтыс өнерінің үйлесімді байланысы.

3. Поэтикалық, публицистикалық, деректі материалдармен жұмыс нәтижесінде пайда болған тарихи-әдеби фактілердің ауқымын кеңейту ХХ ғасырдағы орыс және қазақ поэзиясы мен прозасындағы артефактілердің, кросс-мәдениет мазмұнындағы архетиптердің басымдылығын көрсетеді, практикалық материалдарға негізделген теориялық модельдеуге мүмкіндік береді.

4. «Өзгенің мәдениетін түсіну. ХХ ғасырда Қазақстандағы жазушылар мен орыс тілді ақындардың шығармалары» тақырыбында Виртуалды академиялық оқулар, құрылымдық-мазмұндық моделі және авторлық бағдарлама, кешенді әдістеме аксеологиялық, синергиялық, мәдениеттанушылық тұғырлар мен тұжырымдамалық тәсілдер арқылы теориялық тұрғыдан негізделген; концептуалдылығымен, жүйелігімен, басқарушылығымен, құрылымдығымен, алгоритмдігімен және нәтижелігімен ерекшеленеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

1. Нормативтік құжаттарды, іргелі дереккөздерді, когнитивті әдебиеттану әдістерін зерделеу негізінде «кросс-мәдениет» және «кросс-мәдени құзыреттілік» ұғымдарының ғылымаралық және пәнаралық аспектілерінің мазмұны ашылып, нақтыланды; «Болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігі» авторлық анықтамасы студенттің интеллектуалды дайындығының жоғары деңгейін және когнитивті, кәсіби-педагогикалық, коммуникативтік, моральдық-этикалық білімдер, дағдылар мен дағдылардың симбиозы негізінде жаһандық сын-қатерлерге бейімделу қабілетін сипаттайтын интегративті сапа ретінде ұсынылды.

2. Қазіргі заманғы университеттердің білім беру ортасының әдістемелік тәсілдері әзірленді және академиялық шарттары, сондай-ақ болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытудағы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың стратегиялық серіктестерінің құндылық жақтары анықталды.

3. Когнитивті және салыстырмалы әдебиеттанудың тұжырымдамалық талдауы мен әдіснамасы негізінде әдеби білім беру болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытуда пәрменді фактор болып табылатыны ғылыми негізделген; олардың негізінде ХХ ғасырдағы орыс тілді ақындар мен жазушылардың шығармалары іріктеліп алынған принциптер айқындалды, олардың дидактикалық мүмкіндіктері анықталды және зерттеу пәніне сәйкес ақындар мен жазушылардың әдеби қызметінің типологиясы әзірленді.

4. Болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытудың нақты жай-күйіне диагностика жүргізілді, зерттелетін мәселе шеңберінде олардың әлеуетін анықтау үшін қолданыстағы 6В01702 – Орыс тілінде оқытатын мектептердегі; 6В01705 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларына контент-талдау жүргізілді:

5. «Виртуалды академиялық оқулар Өзгенің мәдениетін түсіну. ХХ ғасырда Қазақстандағы жазушылар мен орыс тілді ақындардың шығармалары» тақырыбындағы авторлық бағдарламасы мен құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілді; зерттеу болашағы бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын және ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

Бірінші нәтиже ішінара жаңа болып табылады, өйткені зерттеу пәні тұрғысынан «Кросс-мәдениет» және «Кросс-мәдени құзыреттілік» негізгі ұғымдарының мазмұны нақтыланды; «Болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігі» ұғымының авторлық анықтамасы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының және ҚР «Сапалы білім беру – білімді ұлт» ұлттық жобасының, «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңның мақсаттарына сәйкес келеді.

Екінші нәтиже кросс-мәдениет мәселесіне жалпы ғылыми және ғылымаралық тәсілдерді әдіснамалық тұрғыда негіздеу тұрғысынан маңызды және жаңа болып табылады; қазіргі университеттер жағдайында болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытудың нақты жағдайларының сипаттамалары және білім беру жүйесінің экспорттық әлеуетін дамыту үшін бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды көзделген «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламасының 76-79 қадамдарына сәйкес келеді.

Үшінші нәтиженің жаңалығы мен маңыздылығы болашақ педагог-филологтардың мәдениетаралық білім беру әдіснамасы ретінде салыстырмалы әдебиеттануды негіздеу, зерттеу тақырыбына сүйене отырып, ХХ ғасырдағы орыс тілді ақындар мен жазушылардың шығармашылығын іріктеу және жіктеу принциптерін жүйелеу болып табылады.

Төртінші нәтиже жаңа және маңызды болып табылады. Болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытудың диагностикасы және оқу нәтижелерін жобалай отырып, орыс тілі мен әдебиеті бойынша қолданыстағы білім беру бағдарламаларының аналитикалық сипаттамалары негізінде зерттелетін мәселенің жалпы жағдайы анықталды.

Бесінші нәтиже жаңа және маңызды, өйткені ол модельдің тиімділігін, әзірленген авторлық бағдарламаның тиімділігін және болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамыту әдістемесін растайтын эксперименттік зерттеу нәтижелері негізінде алынған.

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы (диссертация авторының үлесі мәтіннің жалпы көлемінің пайыздық қатынасында көрсетілген).

Диссертация тақырыбы бойынша 14 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде Scopus базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР ҒЖМ БҒСБК ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала, шетелдік ғылыми журналдарда конференциялар жинақтарында 8 мақала. Барлық жарияланымдар зерттеудің бір бөлігі ретінде дайындалды.

1. Innovations in audiovisual translation: in enhancement of cross-cultural aspect in modern conditions. Forthcoming XLinguae issue: June 2022 Call for papers in 2022 DOI: 10.18355/XL.2022.15.02.11 eISSN-2453-711X. ISSN-1337-8384. 2022 y. С.145-155. (Co-authored by: Rinad Kosherbayev, Gulmira Mukhamejanova, Zhazira Koshanova, Samal Zhuanyshpaeva, Danagul Kuandykova (докторант үлесі -70%).

Мақала Қазақстан ақындары мен жазушыларының жан жақты зияткерлік және шығармашылық әлеуетін көрсету және білім алушылардың танымдық белсенділігін тереңдету мақсатында дайындалды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы 5 мақала:

1. Активные методы как средство формирования кросс-культурной компетенции //Хабаршы «Филология ғылымдары» №4(70) 2019 ж. сериясы 103-108 бет, Абай атындағы ҚазҰПУ; (Кошербаева Г.Н. авторлық бірлестікте, докторант үлесі – 80 %);

Қазіргі білім алушылардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытуда оқытудың белсенді әдістерінің мәні ашылады.

2. Научные подходы к интерпретации понятий «Интеркультурность», «Кросскультурность и этнокультурное разнообразие» //Хабаршы «Педагогикалық

ғылымдар» №2(62) 2019 ж. сериясы 445-448 бет., Абай атындағы ҚазҰПУ; (докторант үлесі 100%).

Кросс-мәдениет мәселе бойынша негізгі ұғымдардың салыстырмалы сипаттамасы ұсынылған.

3. Кросс-культурная компетентность в условиях глобализации как нового вызова времени. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» №12, 2020ж. сериясы 367-371 бет; (докторант үлесі 80%);

Білім алушыларда ХХІ ғасырдың қажетті дағдысы ретінде кросс-мәдени құзыреттілік құбылысы ашылады.

4. Кросс-культурная компетентность будущих педагогов-филологов: содержание и структура // Хабаршы Е.А. Букетов атындағы ҚарУ филология сериясы, № 4(104)/2021 ж. 139-148 бет.; (докторант үлесі 100%).

Болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігін дамытудың құрылымы мен моделінің мазмұны ашылады.

5. Cognitive and psychological-pedagogical aspects of cross-cultural education (creativity of poets and writers of Kazakhstan of the xx century) «Педагогика және психология» ғылыми әдістемелік журнал, Абай атындағы ҚазҰПУ, №2(51) сериясы 2022 ж., 175-185 бет.; (докторант үлесі 100%).

ХХ ғасырдағы кросс-мәдениет бағытында орыс тілді ақындар мен жазушылар шығармашылығының іргелі негіздері ашылады.

Докторант зерттеу нәтижелерімен таныстырды және келесі мәселелер мен аспектілер бойынша халықаралық конференцияларда баяндама жасады:

1. Кросс-культурность в контексте информационно-психологической безопасности современного человека. «Роль информационно-психологического противоборства в современной войне. Пути и способы защиты» атты шетелдіктердің қатысуымен IV Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының нәтижелер жиынтығы, 2019 ж. 65-68 беттер; (докторант үлесі 100%).

Қазіргі адамның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі контекстінде кросс-мәдени құзыреттіліктің маңыздылығы ашылады.

2. Методы обучения и инструменты оценивания как средство формирования кросс-культурной компетенции студентов. Membership in the WTO: «Prospects of Scientific Researches and International Technology Market» Materials of the IV International Scientific-Practical Conference, халықаралық тәжірибелік конференция нәтижесінің жиынтығы. Vancouver, Canada 2019 у. 148-153 бет.; (докторант үлесі 80%);

Университет студенттерінің кросс-мәдени құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау құралдары арқылы зерттеу мәселесі қарастырылған.

3. Методологические подходы к изучению русской литературы в рамках кросс-культурной компетентности. «Методология цифровой дидактики: современные подходы к обучению на русском языке» атты халықаралық педагогикалық форумы нәтижесінің жиынтығы, Москва қ., РФ, 2020 ж. 62-68 бет.; (докторант үлесі 100%).

Болашақ педагог-филологтардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудың әдіснамалық тәсілдер мен тұжырымдамалық ережелерге аналитикалық шолу ұсынылған.

4. Аксиологический подход в системе современного казахстанского образования Международная научно-практическая конференция. «Интеграция науки и образования: проблемы и перспективы» Атырау қ., 2020 г. С.31-35; (докторант үлесі 100%).

Кросс-мәдениет тұрғысынан болашақ педагог-филологтардың құндылық қасиеттерін дамытудағы аксиологиялық тәсілдің мәні ашылады.

5. Теоретико-методологические подходы к интерпретации понятий «компетентность, компетенция» и «кросс-культурная компетентность» //«Казахстан в междунар. образоват. пространстве» Абайдың 175 жылдығына арналған «ХІ халықаралық жас ғалымдар конферен.» нәтижесінің жиынтығы, Алматы қ., 2020 қ. 66-68 бет.; (докторант үлесі 100%).

Мақала «құзырет», «құзыреттілік» және «кросс-мәдени құзыреттілік» ұғымдарын салыстырмалы ғылыми талдауға арналған.

6. Педагогические условия формирования кросс-культурной компетентности студентов средствами современных педагогических технологий // «Методология андрагогического образования в контексте третьей модернизации Казахстана: тенденции, проблемы, пути решения» атты халықаралық ғылыми-тәжіриб. конференция жиынтығы, 2020ж., Нур-Сұлтан қ., 154-158 бет.; (Ауелгазина Т.К. авторлық бірлестікте, докторант үлесі – 80%);

Білім алушылардың кәсіби дайындығына қажетті оқытудың әртүрлі педагогикалық технологияларының мәні мен маңызы қарастырылады.

7. Критерии сформированности уровня кросс-культурной компетентности будущего педагога-филолога //«Диалог в образовании современность и перспективы» халықаралық жаратылыстану білім беру форумы нәтижесінің жиынтығы, Болгария, София қ., 2021 ж. 81-86 бет.; (Бузаубагарова К.С., авторлық бірлестікте, докторант үлесі – 80%).

Мақала болашақ педагог-филологтың кросс-мәдени құзыреттілік деңгейін қалыптастыру критерийлерін сипаттауға арналған.

8. Роль педагогических технологий в развитии читательской грамотности как основы кросс-культурной компетентности будущих педагогов-филологов. «Жамбыл Жабаев и проблемы национального воспитания в эпоху новых вызовов» атты халықар. ғылыми-тәжіриб. конференц. жиынт. Алматы қ., 2021ж. 119-123 бет.; (докторант үлесі 100%).

Болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени құзыреттілігінің критерийлерінің бірі ретінде оқу сауаттылығын дамытудағы педагогикалық технологиялардың маңызы ашылады.

«Педагог-филологтардың болашақ кәсіби дағды ретіндегі кросс-мәдени құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары» әдістемелік нұсқаулары, Алматы қ., 2022 ж.

Бұл нұсқауда болашақ педагог-филологтардың кросс-мәдени білімі мен дағдысы бағытындағы кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал ететін іс-әрекет жүйесінің практикалық негіздері мен шарттары сипатталған.